

Облыстың қалалары мен елді мекендерін көріктендіру Ережелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық Мәслихатының шешімі 1999 жылғы 17 қыркүйектегі (1 шақырылған кезеткен тыс XXVI сессиясының) Павлодар облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 26 қазанда N 193 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2012 жылғы 06 желтоқсандағы N 120/11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2012.12.06 N 120/11 шешімімен.

1. Облыстың қалалары мен елді мекендерін көріктендіру Ережелері

бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдеріне мәслихаттарына Ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік шаралары туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және жергілікті жағдайларды ескеріп дайындау және қабылдау ұсынылсын.

3. Осы шешім жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Облыстық Мәслихаттың
хатшысы

Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерін
сәулеттендіру, санитарлық жағдаймен қамтамасыз ету
және ол аумақтардағы жасыл желекті қорғаудың
Ережелері

Павлодар облысының қалалары мен елді мекендерін сәулеттендіру, санитарлық жағдаймен қамтамасыз ету және ол аумақтардағы жасыл желекті қорғаудың ережелері елді мекендерде қоршаған ортаны толық қолдау жөніндегі іс шаралар кешенінің өткізілу тәртібін анықтайды, сәулеттендіру объектілері мен элементтеріне қатысты архитектуралық, санитарлық, экологиялық негізгі талаптарын анықтайды.

Ереже облысты елді мекендерін сәулеттендіру жөніндегі жұмысты жүргізу және ұйымдастыру мәселелерін, сондай-ақ барлық меншік түрлерінің жеке және заңды тұлғаларының құқығын, міндетін, жауапкершілігін анықтайтын нормативтік құжат болып табылады.

Ереже облыстың қалалары мен елді мекендерін сәулеттендіру, көгалдандыру, санитарлық жағдаймен қамтамасыз ету жұмыстарымен айналысатын әкімшілік-аумақтық бірліктің, мамандандырылған мекемелердің басшыларына жетекші құрал ретінде арналған.

Жалпы қағидалар мен анықтамалар

1. Осы ереже Облыстық Мәслихат бекіткеннен кейін Павлодар облысының аумағында тұратын немесе жұмыс істейтін, меншік нысанына қарамай, барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті және облыстың елді мекендерінің барлығына таратылады.

2. Облыстың елді мекені Павлодар аймағын құрастыратын элемент болып табылады, яғни адамдар тұратын әртүрлі мақсаттағы объектілері бар бірыңғай салынған жер учаскесі шеңберінің бөлігі.

3. Сәулеттендіру - елді мекендердегі адамның қауіпсіз, қолайлы, ыңғайлы ортасын қамтамасыз ететін элементтері мен жұмыс кешені. Бұл жұмыс кешені сәулеттендірудің объектілері мен элементтерін ұйымдастырудың, сақтаудың пайдаланудың, жөндеудің және күзетудің инженерлік сәулеттендіру, сыртқы сәулеттендіру, санитарлық сәулеттендіру және көгалдандыру сияқты негізгі бағыттарына қамтиды.

4. Бөлінген аумақ - жер пайдаланушының жеке меншігіне берілген немесе өкілетті органдардың шешіміне сәйкес оған қарасты объектілер (ғимараттар, көлік магистралі т.б.) орналасқан жер учаскесі.

5. Бекітілген аумақ заңды және жеке тұлғаларға күтіп-бағуға, қызмет етуге өкілетті органның қосып берген жер учаскесі.

6. Қалаларға сәулеттендірудің қажетті жағдайларымен қамтамасыз ету үшін сәулеттендіру басқармалары (бұдан әрі - СБ) жұмыс істейді, селолық жерлерде сәулеттендірудің қазыналық қызметі (бұдан әрі - СҚК) ұйымдастырылады. Олар сәулеттендіру жұмыстарын үйлестіру, яғни объектілер мен жалпы пайдаланылатын аумақтарда мемлекеттік тапсырысты іске асыру, қоғамдық - пайдалы мәні бар шараларды, сондай-ақ пайдалану, қызмет көрсету, жеңіл-желпі және күрделі жөндеу жөнінде мамандандырылған кәсіпорындармен шарт жасасу, сәулеттендіру элементтері мен объектілерін күзету, тұрғындар мен ұйымдарға ақылы көмек көрсету жөніндегі міндеттерді жүзеге асырады.

7. Тендерді жеңіп алған жеке және заңды тұлғалар жергілікті бюджет есебінен орындалатын жұмыстарды жасайды.

8. Сәулеттендіру элементтері мен объектілерінің, инженерлік инфрақұрылымның, жалпы қордың қоршаған ортаны қорғаудың, санитарлық жағдайды қамтамасыз етудің сақталуына өкілетті мемлекеттік органдар, СБ, СҚК

, санитарлық полиция бақылау жасайды.

9. Қалалық СБ, СҚҚ-ның жұмыстарының мақсаты облыстың елді мекендері мен қалаларын көгалдандыру, санитарлық жағдайымен қамтамасыз етуді сәулеттендіруді қажетті деңгейде сақтау.

10. Осы құжаттағы ережелерді заңды және жеке тұлғалардың бұзуы заңға сәйкес жауапкершілікке тартуға әкеп соғады.

1. Негізгі талаптар

1.1. Елді мекендер қызмет көрсететін объектілермен көркеюі керек және іс жүзіндегі қалыптың, ережелердің талаптарына сай, сондай-ақ осы құжаттың ережелеріне сәйкес, адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған техникалық құралдармен жабдықталуы тиіс.

1.2. Барлық меншік түрлерінің жеке, заңды тұлғалары өздеріне бөлініп, бекітіліп берілген аумақтарды көріктендіру талабына сай, күтеді, тазалайды, сонымен қатар, өз есебінен архитектуралық, санитарлық, экологиялық талаптарға орай, күтіп ұстап, жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

1.3. Жыл сайын сәуір мен қазан айларында көріктендіру айлығын өткізеді.

1.4. Елді мекендерде коммуникацияның барлық түрлеріне қызмет көрсететін заңды және жеке тұлғалар өзіне қатысты әрбір қатынас жолдарында мезгілінде жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жөндеу кезінде бұзылған жерлерді қайтадан қалпына келтірулері тиіс.

1.5. Заңды және жеке тұлғалар елді мекендер аумағында жолды, тротуарларды, газондарды, басқа да тозығы жеткен инженерлік ғимараттарды бұзып, көшіріп жасайтын жөндеу жұмыстарын көріктендіру басқармасының (қазыналық көріктендіру қызметі) берген рұқсат қағазы болған жағдайда ғана жүргізеді.

1.5.1. Рұқсат қағаз жөндеу жүргізетін жердің өкіліне немесе тапсырыс жасаушыға ғана беріледі. Рұқсат қағаз алу үшін көріктендіру басқармасына мынадай құжаттар ұсынулары тиіс:

- жөндеу жұмысын жүргізуге рұқсат қағазын алу үшін тапсырыс және учаскені, объектіні, жөндеу жұмысынан соң қалпына келтірілетіні жөніндегі кепілдік;

- инженерлік тораптың және коммуникацияның иегерлерімен (объектіні қайта жөндеу, немесе оны бұзып көшіру туралы) келісілген жоба;

- жөндеу жұмысының жобасы немесе объектіде жөндеу жұмысын жүргізу кестесі;

- қажет болған жағдайда жасыл желекті көшіруге арналған тапсырыс.

Елді мекендердегі адам өмірінің қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға әсерін

тигізетін жағдайда жөндеу жұмысын жүргізуші жұмысты жүргізуден бұрын бұл рұқсат қағазды тиісті өкілетті мемлекеттік органдарда тіркеуге міндетті.

1.5.2. Елді мекендерде адам өмірінің қауіпсіздігін сақтау үшін, ерекше маңызды объектілердің апатын жедел түрде жою сияқты жағдайларда жергілікті атқарушы органдардың келісімімен, рұқсатсыз мекеменің өкілінің қатысуымен жедел жұмысқа кірісуіне болады, ал рұқсат қағаз 24 сағаттың ішінде алынуы тиіс .

1.5.3. Жұмыс жүргізу кезінде зақым келтірілген объектілер немесе инфрақұрылым рұқсат қағазында көрсетілген жөндеу мерзімінің аяғына дейін қайтадан қалпына келтірілуі қажет. Мерзімінен асырылып істелінген жұмыс өз еркімен орындалған жұмыс болып есептеледі. Осы ережені бұзған кінәлі адам жауапқа тартылғаннан соң, рұқсаттың мерзімін ұзартуға болады.

Жұмыс жүргізуші жұмыс басталғанша мына талаптарды орындауы тиіс:

- қауіпті зонаның айналасы қоршалып, ескерту белгілері қойылуы тиіс.

- жаяу адамдар жүретін жерлерде лайықтандырылып, түнде жарықпен

қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

- канализацияның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қ о л д а н у ы т и і с .

- көгалдандырылған жерлер жабық қорғандармен қоршалуы тиіс.

- жолдар мен адам жүретін жерлерде жұмыс жүргізілуі қажет болған жағдайда, ескерту белгілері қойылған, айналып өтетін жолдар жасалуы тиіс.

1.5.4. Жөндеу жұмысына қажетті материалдар, ауыр механизмдер жұмыс басталудан 1 сәтке бұрын әкелінуі тиіс. Бұл материалдар мен механизмдер көлік пен жаяу жүрушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, орналастырылуы қ а ж е т .

1.5.5. Жөндеу жұмыстары іс жүзіндегі норма мен ережелерге сәйкес, сондай-ақ рұқсат қағазындағы нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

1.5.6. Құрылыс материалдары желмен ұшырылып, шашыратылмау шараларына с а й с а қ т а л а д ы .

Одан әрмен жұмысқа жарамсыз деп табылған материалдар зонадан шығарылып тасталады. Ал басқа жұмыс барысында қайта пайдалануға қажет материалдар складтарда сақталуы үшін актімен тапсырылады. Көгалдарды, жасыл желекті, жер асты құдықтарының төбелерін, решеткаларын және т. б. құрылыс материалдарымен, жермен жауып, бастырып тастауға болмайды. Бұл аталған элементтерді қорғау үшін лайықты ағаштан жасалған қалқандар қ о л д а н ы л а д ы .

1.5.7. Көріктендіру басқармасының өкілі қайта қалпына келтірілген жұмысты актімен қабылдап алады.

1.5.8. Сапасыз жұмыстың салдарынан болған зардаптарды жөндеу жүргізушілер өздері жоюы міндетті.

1.5.9. Жұмыс шартын бұзып, қайта жөндеу жұмыстары сапасыз жүргізілген жағдайда көріктендіру басқармасының өкілі мемлекеттік қызметтің өкілімен басталған жұмысты тоқтатып, шығынды төлетіп, кінәлі адамды жауапқа тартуға құқысы бар.

1.5.10. Жүргізу жұмысының мерзімі іс жүзіндегі нормаларға сәйкес күнтізбе кестесіне орай белгіленеді.

ИНЖЕНЕРЛІК СӘУЛЕТТЕНДІРУ

2. Елді мекендердің ішкі көлік жүйесі

2.1. Қозғалыс қауіпсіздігімен қамтамасыз ету және оны ұйымдастыруды жақсарту шараларына мыналар жатады:

жол тегістігін сақтау, шұңқыр, жарық тағы басқа ақауларды жою;
автомобиль дөңгелегінің қажетті ілінісу коэффициентін қамтамасыз ететін жолдың кедір-бұдырлығынан сақтау;

жол жағасын бекіту, жол жиегінің жалаңаштанбауын қадағалау, суды жол жағасынан бұруды қамтамасыз ету, жол жағасында су, шұңқыр, із тағы басқа ойлы-қырлы жерлерді болдырмау;

жолдың бойында құру мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның ішінде жолдың ойма жермен өтетін бөлігінде, жол тарабында, теміржол өткелінде; қозғалысты канал-каналмен өткізу;

қозғалыстың ұйымдастырылуын жақсарту және оның қауіпсіздігін арттыру.

2.2. Көліктің барлық түрлерінің иелері елді мекендер мен көшелерге автомашиналар мен көліктің басқа түрлерін таза күйінде шығарып, оларды мұнтаздай етіп ұстауға міндетті:

2.2.1. Көшелерді ластамау үшін көлікпен тасымалданатын сусымалы және басқа жүктер мұқият жабылуға тиіс.

2.3. Көліктің үзіліссіз қозғалысын қамтамасыз ету барлық көшелер мен жолдарды пайдаланушылардың, жол қозғалысын реттеу және бақылау органдарының міндеті.

2.4. Инженерлік жүйенің апаты кезінде, көше, алаң тағы басқа жалпы пайдаланылатын жерлерді қалпына келтіру, жолдың қыртысын ашатын, қазу, жөндеу жұмыстары осы Ережелердің "Негізгі талаптарының" 1 тарауының 1.5. тармағына сәйкес жүргізіледі.

2.4.1. Меншік нысанына қарамай, заңды немесе жеке тұлғалар, қажет болған жағдайда апат болған жерде қоймада сақталған немесе басқа да жабдықтарды өз

күштерімен босатулары керек.

2.5. Көшелерде көлік қозғалысын тоқтатуға немесе шағындауға байланысты істелінетін жұмыстар болса, тапсырысшы автокөлік қозғалысын тоқтату немесе қоғамдық көліктің жолын өзгерту үшін жергілікті атқарушы органның өкімін алып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қала тұрғындарын хабардар етеді.

2.6. Көшелер мен алаңдарда жерасты құрылысын салу немесе жүргізу мүмкіншілігінше жабық әдіспен, жолдың бетіне зақым келтірілмей жүргізілуі тиіс.

2.6.1. Кварталдардың ішінде, сәулеттендірілген көшелер мен алаңдарда жерасты құрылыстарын ашық әдіспен күрделі жөндеу және қайта құру жергілікті атқарушы органның өкімімен жүргізіледі. Осы немесе басқа әдісті қолдаудың орындылығы жобалау кезінде жергілікті жағдайға байланысты жеке анықталады.

2.7. Егер қазылған кезде жобада көрсетілмеген жерасты коммуникациясы табылса, жұмысты атқарушы СБ-ны (немесе СҚК-ны) немесе осы коммуникацияға қарасты мекемені ескертуге міндетті.

2.8. СБ-ның рұқсатымен жұмыс аяқталған соң қазылған жер құм, қиыршық тас сияқты материалмен қайта жабылады.

2.9. Жол бетінің ені 4-7,5 метр болған жағдайда көшенің қазылған жерінің қалпына келтіру жұмыстары көлік жүретін жолдың толық енуіне, ал ені 7,5 метрден артық болса ор бойымен және құрылыс механизмдері жұмыс істеген аймақта жүргізіледі. Сәулеттендіру элементтері мен бұзылған жер бетін қалпына келтіру жұмыстары жол бетін қайта жабу жұмыстарынан кейін екі тәуліктен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

2.10. Жұмыстар жүргізілетін жерлерге ескерту хабарламалар жазылған тақтайлар орнатылуы қажет.

3. Елді мекендердің ішіндегі жерасты және жер бетіндегі инженерлік коммуникация жүйесі

3.1. Елді мекендердің сәулеттілігін қорғау үшін инженерлік жүйелердің техникалық жағдайы инженерлік коммуникация, және ғимараттар мамандандырылған кәсіпорындардың үздіксіз бақылауында болады; олардың міндеті:

аумақта су тасқынына жол бермеу;
күзететін және бөлініп берілген аймақтардың санитарлық жағдайын бақылау;
люктардың, құдықтардың, камералардың қақпақтары, жауын суының торлары жол жабуының деңгейінде болып, түзетілген жағдайда болуын бақылау,
қыс мезгілінде олардың орналасқан жерін жылдам анықтау үшін белгілер

салынуы, пайдалану, қайта жабу мен монтаждау ережелерін сақтамағандықтан істен шығуы мүмкін жерасты жолдарының үстіңгі жабуының жағдайын бақылау;

3.2. Үстіңгі және жерасты суларын бұруға арналған трубалар, құдықтар мен каналдарды тазалау, жауын суларының коллекторларын, жауын суларынан қабылдағыштарды тазалау қажетіне қарай, кемінде жаз мерзімінде 4 рет, күз-қыс мерзімінде 1 рет тазалануы тиіс.

3.2.1. Жауын канализациясы мен жауын суларының қабылдағыштардағы қатты қалдықтарын қажетіне қарай тазалап, сол бойда ұйымдастырылған қоқыс тастайтын жерге шығарылуы қажет.

3.3. Өнеркәсіп кәсіпорындарының алаңдарына жиналған су шаруашылық канализациясына ағызылуы тиіс. Қысқы мерзімде су құбырлары, жылу торабының, шаруашылық канализациясының апаты болған жағдайда суды нөсерлік канализацияға ағызуға тыйым салынады.

3.4. Күзде суық түсер алдында суағар желінің торларын жауып, бекіту керек.

3.5. Қазіргі жерасты коммуникацияларын қайта жөндеу кезінде оларды көлік жүретін жол астынан шығаруды ескерген жөн.

4. Елді мекен аумағын жарықтандыру

4.1. Елді мекен аумағы сыртқы жарық қондырғылары арқылы жарықтандырумен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы жарық қондырғыларына жататындар:
электр жабдықтау құрылғысы, қоректендіретін желі, қоректендіру пункттері, таратушы желілері;
қорғау құрылғысы және жерге қосылған электр желісі;
басқару қондырғысы;
тіреуіштер, арқанды салпыншақтардың тіректері.

4.2. Тіректер бүйір тасының алдыңғы қырынан цокольдің сыртқы бетіне дейін 0,6 метрден кем емес арақашықтықта орналасады. Автобустар мен ауыр жүк машиналары жүрмейтін көшелерде бұл аралықты 0,3 метрге дейін кемітуге б о л а д ы .

4.2.1. Көшелер мен жолдардың қиылысқан жерінде тіректер тротуардың дөңгеленген жеріне дейін және әртүрлі кірер жерлерден 1,5 м. қашықтықта орналасады. Тіректер газондарда ағаштармен қатар, аллеялар мен жаяу жүретін ж о л д а р д а о р н а л а с а д ы .

4.2.2. Ғимарат жанындағы ені тар тротуарлар мен алаңдарды ыңғайлы болса,

ғимарат қабырғасына орналасқан шамшырақтар арқылы жарықтандыруға болады

4.3. Сыртқы жарықтандыру құрылғыларын қалпында сақтауға қызмет көрсетуге мынадай іс-шаралар жатады:

Сан және сапа көрсеткіштері мөлшерде берілген сыртқы жарықтандыру құрылымдарын техникалық дұрыс қалпында сақтау, шамшырақты тазалау, жарықтану деңгейін өлшеу;

сыртқы жарықтандыру қондырғысының белгіленген жұмыс тәртібін, жергілікті атқарушы орган бекіткен кесте бойынша жарық беруді қадағалауды, жартылай немесе толық сөндіруді, жанбайтын шамшырақтарды, бұзылған жерлерін анықтап, және оны шұғыл жоюды қамтамасыз ету.

4.3.1. Екі аптада 1 рет шамшырақтардың жану пайызын және сыртқы жарықтандыру құрылғысының жағдайын анықтау үшін бақылау тексерістері өткізіледі. Шамшырақтың жану пайызы 95 пайыздан кем болмауы керек.

4.3.2. Сыртқы жарықтандыру құрылғысының жағдайына байланысты металл тіректер, тіреуіштер мен басқа да элементтер, үш жылда бір рет сырланып тұрады.

4.4. Витриналарды жалпы жарықтандыру мақсатында әдетте люминесцент шамдары алынады. Қосымша жарық беру үшін қызуы күшті шамдар пайдаланылады.

4.5. Жарнама, стенділер, витриналарды жарықтандырудан шағылысқан толассыз жарықтың айнадай құрылымын қараған адам күзіне түспестей орналастыру керек.

4.5.1. Жаяу адамның, жүргізушінің көзіне сәуленің тура түспеуі үшін

жарықтандырғыш құралдың қорғау бұрышын ескеру керек немесе экрандайтын арнайы торлар құрады.

5. Табиғи суаттар

5.1. Елді мекендер табиғи суаттардың қасында орналасса, олардың жағасында жағажайлар жасалады.

5.2. Серуендейтін аллеяларда көгалдар мен ағаштар аллеяның ішкі жағына орналасады.

5.2.1. Оңтүстікке қараған жағалауларда көлеңкелі учаскелер жасалады. Газондар мен гүл өсіретін жерлерге бөлінеді.

5.2.2. Баспалдақтың шығар жері өте биік болған жағдайда ол жерге алаң жасалуы қажет.

5.3. Жағажай аумағы судың көздерін санитарлық қорғау аймағынан тыс және

су ағынының ең төмен жерін ластау мүмкіндігінен қашық жерде болу керек.

5.4. Жағажайға медпункт, құтқару стансасы, тамақтандыру сауда пункттері, киім ауыстыратын кабиналар, әжетханалар, қоқыс жинайтын жерлер орналасады. Ишетін су фонтандары болса, ондағы су "Ауыз су" үлгісіне сәйкес болуы керек.

5.5. Жағажайлар неғұрлым күн көп түсетін оңтүстік, оңтүстік батыс, оңтүстік шығыс баурайларына орналастырылады.

5.6. Шомылуға арналған жерлерде машина, кір жууға, жануарларды жуындруға болмайды.

5.7. Материалдарды, жабдықтарды арнайы бөлінген жерлерден басқа жерлерде сақтауға;

- қоқысты, балшықты, ластанған қарды, тазаланбаған өнеркәсіп және шаруашылық қалдықтарын суаттардың, өзеннің айналасына лақтыруға тыйым салынады.

Қыс мерзімі аяқталған соң жағалау аймағы көң - қоқыстан тазаланып, су бассейнінің санитарлық жағдайын қамтамасыз ететін шаралар жүргізіледі.

6. Елді мекендерді сәулетті көркем безендіру

6.1. Елді мекендерді сырттай көркейту қалыпты тәртіппен бекітілген жоспарлаудың детальды (бөлшекті) жобасы және аумақты салудың жоспары бойынша іске асырылуы керек.

6.2. Сырттай көркейту элементтерін орналастыру жағдайында олардың аумақтың бағытына (мақсатына) сәйкес келуін, бағынуын, архитектурамен және табиғи ортамен органикалық бірлігін қамтамасыз етуі қажет.

6.3. Аумақтың тұрғын жай бөлігін көркейтудің жоспарлы элементтері балалардың ойын алаңынан, үлкендердің демалатын жерінен, спорт және шаруашылық алаңдарынан тұруы керек.

6.3.1. Балалардың ойын алаңы тұрғын аймақтың ішінде көлік жолынан қашық, терезеден 12 метр жерлерге орналасуы қажет.

6.3.2. Шаруашылық алаңына кір кептіретін, киім тазалайтын және қоқыс жинайтын аумақ енеді. Алаңдардың ұзын бойларына бір қатар бұталар отырғызылуы керек, (терезесі жоқ қабырға жағына ғана отырғызбауға болады).

6.3.3. Тұрғын жай ішінде жаяулылар жолдарын үлкен жолдың, жаяу адамдардың қозғалыс бағытына сәйкес мүмкіндігінше, ең аз көлбеумен қысқа қашықтықтарға салынуы керек.

6.3.4. Балалар алаңының салынуы сол жерге қойылған жабдықтарға байланысты болуы керек.

6.4. Су тасқыны аумағына жақын орналасқан саябақтар тұрғын жайдан, негізгі магистральдар мен жолдардан алшақтау болуын ескеріліп жабдықталуы

қ а ж е т .

6.4.1. Саябақтар аумағында көркейту жұмыстарының ойын, спорт, серуен алаңдары элементтері ескерілуі қажет.

6.4.2. Базар аумақтарында, оның ішінде шаруашылық, базар алаңдарында жауын және еріген су ағатын еңістігі, канализациясы, су құбыры немесе жабық су ағар жүйесі болуы керек.

6.4.3. Моланың аумақтары қоршалған және көлік жүретін жолдары болуы керек .

6.5. Тұрғын, әкімшілік пен басқа да ғимараттардың және оған жақын жатқан аумақты көркейту үшін ол жерлерге сауда орындарын, халыққа қызмет көрсету пункттерін, офистер, тағы басқа объектілерді орналастырғанда, осы объектілердің иелері өздері жасаған жобаға сәйкес, ғимараттың алғы бетін безендіру және жақын жатқан аумақты көркейтуде бірқатар іс-шараларын о р ы н д а у ы керек .

6.5.1. Іс-шаралар кешеніне жобада көрсетілген мөлшерде төмендегі жұмыстар е н е д і :

қажетті өңдеу (бояу, әртүрлі материалдармен қаптау және басқа): ғимараттың жалпы стиліне сәйкес күнқағары бар кіреберіс, қарт адамдар мен мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне келіп тұруына ыңғайлы болуы үшін пандустар, баспалдақтардың қанатын салу:

аумақты көркейту үшін тротуарды, көлік келетін, тоқтайтын алаңдарды, газонды салу, көгалдандыру жұмыстарын орындау;

орындықтар, қоқыс салғыш, қоршау сияқты көркейту элементтерін т.б. о р н а т у ;

көшеден көлік жолына дейін және ғимаратқа жақын аумақты жарықтандыра алатын сыртқы жарықтандыруды (жарықты жарнама) орнату;

қажетті аз ғана ақпараты бар, жалпы стильде сәнімен орындалған м а ң д а й ш а л а р о р н а т у ;

6.6. Көлік тұрақтары бекітілген жобалы - смета құжаттарының негізінде ғана ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

6.6.1. Көлік тұрақтары жеке жабдықталған автомобиль тұратын қалтасы ескерілген, жол таңбаларымен белгіленген алаңдарда орналасады.

6.6.2. Көлік тұрақтарын жайғастыру кезінде техникалық талаптары орындалуы қажет: жол таңбалары, белгілер, жарнама қондырғылар, қоршаулар мен павильондар.

6.7. Көріктендіруді, санитарлық, экологиялық нормаларды бұзбау үшін бұл мақсаттарға арнайы бөлінбеген жерлерде (оның ішінде, бекітілген аумақтарда):

киоск, ларек, павильон қоюға;
құрылыс материалдарын, ағаш, көмір, механизмдер мен басқа да заттарды жинап қоюға;

үйлердің қабырғаларына, көше жарықтандырушы тіректерге, ағаштарға түрлі хабарландырулар ілінуге тыйым салынады.

7. Санитарлық көріктендіру

7. Елді мекендердің және оларда орналасқан объектілер мен ғимараттардың аумақтарын жинастыру.

7.1. Тазалық пен тәртіпті ұдайы сақтау мақсатында әр аптаның бейсенбі күні санитарлық күн болып саналады, ұйымдар, мекемелер, жеке меншік түрлеріне қарамастан кәсіпорындардың ұйымдарының, сондай-ақ жеке меншік үй иелерінің өздеріне қарасты аумақтарын жиналуы, жасыл желекке қамқорлық көрсетілуі ескерілген.

7.1.1. Аула аумағының тазалығы күнделікті жинастыру арқылы сақталады. Ауа райының жағдайына байланысты тротуарға су немесе құм шашылады, қардан тазартылып, үй жанындағы көшеттер, балалар алаңы, суағарлар мен құрғатқыштар тазартылады.

7.1.2. Объектілер мен элементтер орналасқан қоғамдық орындардың аумағын жинау (жалпы пайдаланылатын демалыс орындары), адам аз жүретін уақыттарда (түнгі уақыт, немесе таңертең ерте) жүргізіледі:

елді мекендердің аумағын жинау сәтке бойы жүргізіледі және жазғы, қысқы болып екіге бөлінеді.

7.2. Жаз мезгілінде көлік жүретін жол мен тротуар шаңнан, балшықтан, түскен жапырақтан, көше қоқысынан тазартылады.

7.2.1. Елді мекен аумағын жазғы мерзімде жинауына сыпыру, су шашу, көшенің көлік жүретін бөлігі мен тротуарды жуу жатады. Жолдың көлік жүретін бөлігі, алаңдар, инженерлік ғимараттар түнде жуылады.

7.2.2. Интенсивті қозғалысы бар көшенің көлік жүретін бөлігі екі сәткеде бір рет жуылады.

7.2.3. Жапырақ түсетін кезде түскен жапырақ желмен көлік жүретін жолды, тротуарды, газонды басып қалуы мүмкін жерлер ғана жиналады. Жиналған жапырақ арнайы бөлінген жерлерге апарылып тасталуы қажет. Жапырақты тұрғын жай аумағында, сквер мен саябақтарда жағуға тыйым салынады.

7.2.4. Тұрғын жай аумақтарын жинау таңертең ерте 8-ге дейін немесе кешкі 19 сағаттан кейін жүргізіледі және оған төмендегі жұмыстар енеді:

аумақты сыпыру, сыпырғыны жинау, сыпырғыны белгіленген жерге жеткізу, тротуар плитасының арасындағы шөпті жұлу, қоқыс жинайтын контейнер т. б.

т а з а л а у .

7.3. Қысқы жинауды жүйелі мерзімді - қар түсу кезінде және одан кейін жинауға бөледі. Қар көп жауған кезде күрделі жинауға айналады.

7.3.1. Жүйелі жинау таңертең ерте өткізіледі, ал мерзімді жинау (апатқа байланысты) қар жауа бастағаннан бастап, көлік жүретін жол мен тротуар т а з а л а н ғ а н ш а жү р е д і .

7.3.2. Елді мекендердің аумағын жинау, қоқыс, қар, мұз, балшық, құм шығару таңертеңгі 6-дан 19 сағатқа дейін мүмкіндігінше күні бойы жүргізіледі.

7.3.3. Қысқы жинау екі кезектен тұрады: бірінші кезектегі жұмыс жаяу адам мен көлік қозғалысының, әсіресе, жол өткелдерінің, магистральді көшелердің, автобус жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Екінші кезектегі жұмысқа қар дуалдарын жасау, көлік жүретін жолды қардан тазалау, мұз жару, қарлы мұзды сырғанақтарды жою, қар түспесе де, көлік жолын тазалау жатады.

7.3.4. Жолдар мен тротуарларды қарлы-мұзды қосынды (немесе құмның басқа хлоридтармен) пайдаланылады. Ауаның температурасына қарай (6 градусқа дейін 1 кв.метр 120 гр., 6 градустан төмен болса, 1кв.метрге 240 гр) қосынды горизонтальді учаскелерге шашылады. Қосынды шашу интенсивті қозғалысы бар көшелерден, бірінші кезекте өте қауіпті жерлерден түсетін, көтерілетін жерлерден, жол қиылысынан, қоғамдық көліктің тоқтайтын жерінен, көпірдің көлік жүретін бөлігінен, жол өткелдерінен т.б. инженерлік құрылымдардан б а с т а л а д ы .

7.3.5. Жаяу жүрушілерді бақытсыздықтан, шамшырақтар мен жасыл желекті зақымдаудан сақтау шараларын орындай отырып, төбедегі, карниздегі, суағар трубадағы ұраларды тазалау ғимараттардың иелері мен жалға алушылардың күш - қ у а т ы м е н ө т к і з і л е д і .

7.3.6. Жер пайдаланушылар - өздеріне берілген, бекітілген аумақтарды, инженерлік тораптар мен элементтерді (құдық, люк, тіреу, насос станциялары, жылу пункттері, трансформаторлы подстанциялар) санитарлық норма белгілеген жағдайда ұ с т а у л а р ы ;

- қатты қалдықтарды көң-қоқыс шығарылатын белгілі жерге апарып көмуі;
- қажет болған жағдайда өз аумағында дезинфекция (масаны, таракандарды, тышқандарды т.б. құрту үшін) жасауы;

- көк тайғаққа қарсы іс шаралар жүргізуі міндетті.

7.3.7. Елді мекендерді қардан тазалау оны арнайы бөлінген қар жинайтын\ орындарға (бос жерлерге, сайға) шығару, көлік жүретін жолдан жасыл желек түбіне, өзен арнасына лақтыру арқылы орындалады. Соңғысы қарға құмды тұзды немесе басқа химиялық қоспалар шашылмағанда жасалады. Өзен жағаларында қар жинайтын орындар жасалады. Қыс өткеннен кейін қар жиналған жерлерде қар тазалау, бассейндердің санитарлық жағдайымен қамтамасыз ету шаралары

ж ү р г і з і л е д і .

7.3.8. Көлік, адам өтетін жерлерге жасыл желекті газондарға қар, мұз жинауға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

7.4. Сауда орындар мен халыққа қызмет көрсету пункттарының иелері (базардан тыс) және осы объектілерді жалға алушылар күні бойы осы жердің тазалығын сақтап, жұмыс біткен соң қоқыс пен балшықтан тазалайды.

7.4.1. Көшелерде, аулаларда және басқа көпшілік пайдаланатын жерлерде сауда лотоктарын, бос құтыларды, басқа да жылжымалы сауда жабдықтарын жиналған қоқыс пен басқа да қалдықтарды тастап кетуге тыйым салынады.

7.5. Саябақ жабылғаннан кейін жиналады. Күндіз қалдықтар, түскен жапырақтар жиналып, жасыл желек суарылады.

7.6. Жағажай аумағы мен демалыс аймақтары жабылған соң жиналады: жағаны, киім ауыстыратын орынды, әжетханаларды, жасыл аймақты, бос ыдыстарды жуу мен әжетханаларды дезинфекциялауды жүргізеді. Жағажай аумағын, демалыс аймақтарын жинау құмның үстіңгі қабатын апта сайын қопсыту арқылы жыл сайын құм салынады, жағажайда, саябақтарда, демалыс аймақтарында сауда жасаған ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер жиналған қоқысты шығарып, үнемі жинап отырады.

7.7. Базардың аумағы (шаруашылық аумағы) еріген және жауған су еңістікке ағатындай асфальтталған болуы қажет.

7.7.1. Канализациясы жоқ базарларда сауда орнынан кемінде 50 метр жерде қоғамдық әжетхана салынуы қажет.

7.7.2. Базар аумағының тазалығын сақтау базар иесінің міндетіне енеді.

7.8. Кооператив гараждары, шаруашылық қоралардың, саяжай қоғамдарының, жасыл желек бекітілген аумақтар меншік иегерлерінің күшімен жүргізіледі.

7.9. Моланың айналасын тазалықта ұстау СҚ (ҚСҚ) - мен келісім-шарт бойынша кәсіпорындармен тазаланады.

8. Елді мекендердің аумағында құрылыстарды бұзу және бөлу

8.1. Қазіргі заңға сәйкес аумақты көне және тозығы жеткен құрылыстардан тазарту осы процедураның орындалуы заңды түрде қамтамасыз етілген соң ғана к і р і с у г е б о л а д ы .

8.2. Көрсетілген жұмыстарды қажетті машина мен механизмдерді жұмылдырып, біліктілігі сәйкес жұмысшылар атқарады.

8.3. Құрылысты толық немесе жартылай бөлшектеу немесе оларды бұзу, қайта пайдалануға лайықты деп танылған соң басталады. Құрылыс жартылай бөлшектенгеннен кейін ғана алуға болатын элементтерді бүлінуден сақтау керек.

8.4. Ғимаратты бұзуды жылыту құралдары мен желдеткішті, санитарлық-техникалық және орнатылған электр жабдықтарын, радио мен байланыс жабдықтарын, газбен қамту жабдықтарын бұзып алудан бастау керек. Алып тастауға болмайтын сымдар, тіреулер мен ажыратқыштар бөлшектерге б ө л і н у і к е р е к .

8.4.1. Алып тастауға, әрі қарай пайдалануға болатын бөлшектер бұйымдар, қоршаудың металл элементтері, еденнің бөліктері т. б. бір мезгілде алынуы керек .

8.5. Ағаштан жасалған, бөлшектенбейтін, тас, бетон құрылыстар сындырып, қиратылып, кейін сынығы шығарылып тасталуы керек, ағаштан жасалғаны сол ж е р д е ө р т е н у і к е р е к .

8.5.1. Құрылыстың тік тұрған бөлшектерін құлатпас бұрын бұзуға бөгет болатын үстінгі жабу элементтерін ішкі жағына жығу керек. Құрылысты бұзуға автокран немесе эксковатор - кран пайдаланылса, салмағы жүк көтергіштігі механизмнің салмағының жартысынан аспайтын металдан жасалған шар ұру элементі ретінде қолданылуға тиіс. Кейбір жағдайларда құрылысты алдын ала әлсіздендіру үшін жарылыс жұмыстары жүргізіледі.

8.6. Бөлшектенетін ағаш құрылыстарын бұзып, кейін пайдалануға жарайтын элементтерін талдау керек. Әрбір жиналмалы құрама элементті бұзған жағдайда алдын ала тұрақты бекітілуі керек.

8.7. Ағаш құрылыстың орнында өртенуі немесе басқа жерде жағылуын сәулеттендіру басқармасымен, өрт сөндіруші, санитарлық қызметтермен к е л і с і л у і к е р е к .

8.8. Одан әрі пайдалануға жарайтын құрылыс тасының сынығы ағаш немесе металл бөлшектерінен ажыратылуы үшін електен өтуі керек.

8.9. Тұтас темірбетон және металл құрылыс жайлары жалпы құрылыстың тұрақтылығын қамтамасыз ететін бұзудың арнайы схемасы бойынша бұзылуы керек. Темірбетон блогының немесе металл элементінің салмағы кранның жүк көтергіштігінің салмағынан аспауы керек. Блокты бөлшектеуді темір арматурадан ашудан бастау қажет. Босатылған соң металл элементтерді кесу к е р е к .

8.10. Құрамды темірбетон құрылысы бұзу схемасы бойынша керісінше монтаж схемасы бойынша бөлшектенуі керек.

8.10.1. Элементтік бөлшектенуге жарамайтын жиналмалы темірбетонды конструкциялар монолитті сияқты бөлшектенуі керек.

8.11. Қажет жағдайда ғимараттардың жерасты бөліктері бөлек арнайы

учаскелерде зерттеледі. Зерттеу қорытындысы бойынша оны бұзу әдісін анықтауға болады.

8.11.1. Бұзылатын фундаментті алғашқы құйылған жерін ашудан бастау керек. Қаланған фундаментті экскаватор немесе соғуға бейімделген заттың көмегімен бұзу керек. Бутобетон және бетон фундаменттер бейімделген ұрғыштардың немесе жарылғышпен сілкіу арқылы сындырылып, сынықтары шығарылады. Темір-бетон фундаменттерді арматурасынан жалаңаштап кесіп, соңынан блоктарға мүшелеп бұзады.

8.11.2. Жай үйлермен коммуникациялардың траншеялары мен жерасты бөлігінің котловандарының ені 3 метрден асатын болса, қабат-қабатталып, тығыздалып жабылады.

8.12. Бөлшектелген немесе бұзылған учаске қайта өңделуге жатады.

9. Елді мекендердің су тасқынды аймақтарынан қалдықтарды жинап, шығару

9.1. Елді мекендерді аумағындағы үйлердің қалдықтарын жинау, сақтау және оны алыстату сәулеттендіру деңгейіне, үйдің қабаттылығына, құрылыстың салыну түріне байланысты, және қоқыс құбыры бар немесе қоқыс құбыры жоқ үйлердің қоқысын жинау болып бөлінеді. Санитарлық нормаға сәйкес сұйық қоқыс жинайтын шұңқыры болу керек. Маса, таракан, тышқандарды құртатын дезинфекция, дератизация жасау керек.

9.2. Тұрғын үйлерден, сауда кәсіпорындарынан қоғамдық тамақтану, мәдениет орындары, қоғамдық ұйымдар мен басқалардан қатты қалдықтар арнайы кәсіпорынмен келісім шарт негізінде жоспарлы жүйелі түрде жиналады.

9.2.1. Арнайы бөлінбеген жерлерге қалдықтарды лақтырып, төгіп тастауға қатаң тыйым салынады.

9.3. Қатты қалдықтардың жоспарлы - жүйелі түрде жиналып, шығарылуы объектілердің тапсырыссыз, белгілі мерзімде қалдықтарды жүйелі шығарылуын белгілейді:

тұрғын үйлер үшін үй иесінің бекіткен кестесіне сәйкес контейнерлерде қатты қалдықтарды ұзақ уақыт жинамау үшін; қоғамдық және мәдени объектілері үшін қажетіне қарай, бірақ аптасына екі реттен кем емес;

аз қабатты құрылыс үйлерінің иелері үшін - қажетіне қарай, бірақ аптасына бір реттен кем емес;

Көлемді қалдықтар тапсырыс бойынша шығарылады.

Сұйық қалдықтар мамандандырылған кәсіпорындармен шарт негізінде шығарылады.

9.4. Санитарлық қызметтермен келісім бойынша, үй иелері мен кәсіпорын, ұйым, мекемелердің басшыларының мамандандырылған кәсіпорынмен келісім шарты негізінде қоқыс пен қалдық жинауға арналған контейнерлер орналастырылады.

9.4.1. Қоқыс жинайтын алаңдар тұрғындарға ыңғайлы, ауа мен топырақты ластамайтын, эстетикалық талаптарға сай келетін тұрғын жайдың ішінде орналастырылады. Контейнерлер шаруашылық аулаларында үйлердің көлденең қабырғасы жағынан, немесе, жасыл қоршаумен, аласа қабырғамен міндетті түрде қоршалып, үйлердің арасында орналастырылады. Қоқыс жинайтын алаң мен ғимараттың арасы 100 метрден алыс болмауы керек. Алаңдарға дейін асфальт төселген жолдар оған ғимараттан баруға да, мамандандырылған көлік баруға да ыңғайлы болуы керек.

9.4.2. Контейнерлерге тұрмыстық ірі заттар, 300 килограмнан аса салмағы бар құрылыс материалдарын салуға, сұйық қалдықтар құюға және контейнердің ішінде қоқыс жағуға тыйым салынады.

9.5. Барлық алаңдарға, көшелерге, бақтар, саябақтарға, вокзалдар, аэропорттар, базарлар, көлік аялдамаларына жеткілікті мөлшерде қоқыс салатын жәшіктер қойылуы керек.

9.6. Мал өсіретін шаруашылықтар мен кәсіпорындардың иелері малды қораға ұстайтын мерзімде тезек және басқа қалдықтарды тұрған аумақтарда жинап, санитарлық қызметтермен келісілген арнайы бөлінген жерлерге төгуге міндетті.

9.7. Мамандандырылған кәсіпорындардың қызметімен қамтамасыз етілмеген заңды және жеке тұлғалар, меншік нысанына қарамастан, қоқыс тасуға арналған көліктері бар жағдайда өз күш, құралдарымен қоқыс төгетін жерге апарып төгеді.

9.8. Қоқыстың шығарылуын санитарлық қызмет пен көріктендіру басқармасы бақылайды. Жеке және заңды тұлғалардың тексеру кезінде қатты қалдықтарды шығаруға мамандандырылған кәсіпорынмен келісім шарты болуы керек. Келісім шарты болмаса, қоқыс шығарып төгетінін растайтын басқа құжаты болуы керек.

10. Қатты қалдықтарды зиянсыздандыру

10.1. Әрбір елді мекенде заңға сәйкестендірілген, қажетті көркейту элементтері (жолдары, мөлшерленген орлары, көрсеткіштері) бар ең кемінде қоқыс төгетін бір орын ұйымдастырылуы керек. Қоқыс төгетін орын санитарлық нормасы сақталған, арнайы бөлінген аумақта орналасады, яғни төгетін орын мен елді мекен арасындағы санитарлық қорғау аймағы 500 метрден жақын болмайтын жерге орналасуына рұқсат беріледі.

10.2. Қатты қалдықтар оларды зиянсыздандыру жұмыстары жүргізілетін

рұқсат етілген қоқыс жинайтын орындарға апарылады. Қоқыс пен қалдықтардың рұқсат етілген қоқыс жинайтын орынға апарылғаны арнайы құжатпен расталады.

10.3. Қоқыстың өздігінен өртенуін болдырмас үшін зиянсыздандыру жұмыстары ұйымдасқан түрде бақылау негізінде жүргізілуі керек.

10.4. Әкелінген қоқыс ауа мен байланысқа түспес үшін 2 метрлік қалыңдықпен салынып, үсті, жан-жағы шірімейтін материалдармен жабылуы керек. Жерасты суларын ластамас үшін төгілген қоқыстың астыңғы қабаты су өтпейтін болуы керек. Қоқыс жинайтын орын тегістік жерде, жолдардың түйіскен жерінде және сайларда болуы мүмкін.

10.5. Болашақта қоқыс салу орындары аумақты вертикальды жоспарлай
о т ы р ы п п а й д а л а н а д ы .

11. Елді мекендердегі жасыл желекті қорғау

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Z970160_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әрбір азамат жасыл желектің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті . Жалпы пайдаланылатын жерлердегі көшеттер мызғымайтын мемлекеттік қор құрады және заңмен қатаң қорғалады.

11.1. Жасыл көшеттерді бағып, күту, оларды уақытында зиянкестерден, аурудан, арам шөптен қорғау жұмыстарына төмендегі іс шаралар жатады:
көшеттерді жеткілікті және уақытылы суару;
жерді уақытылы және сапалы өңдеу, тыңайтқыш салу;
қатар аралықтары мен бағанның дөңгелектерін уақытылы және мұқият өңдеу;

зиянкестердің саны мен олардың келтіретін зиянын есептеу негізінде биологиялық, химиялық қорғау құралдарымен өңдеу.

11.1.1. Жергілікті климат жағдайына бейімделген ағаштар мен көшеттердің тұқымын таңдаудың, жақсы өңделіп тыңайтылған жерге дұрыс материал отырғызудың өсімдік қорғауды ұйымдастыруда, өсімдіктің өсуіне оптималды жағдай жасаудың маңызы зор .

11.1.2. Егулер мен көшеттерді мұқият қарау, кепкен, ауруға шалдыққан бұталарды уақытылы кесу, зиянкестердің жайылуын анықтау қорғау шараларының бірінші қажетіне жатады. Көшеттерді аурудан сапалы түрде қорғау үшін механикалық, химиялық әдістермен қатар, жәндіктердің табиғи жауларын пайдаланатын әртүрлі әдістердің, кешені қолданылатын биологиялық әдістер де і с к е а с ы р ы л а д ы .

11.1.3. Жасыл желек, газон, гүл егілген орындарға зиян келтіретін

арам шөптермен күрес жұмыстарын өткізу қажет.

11.1.4. Жасыл желекті қорғаумен қамтамасыз етудің алдын алатын іс-шараларын жасау керек:

жасыл желек аумағында құрылыс материалдарын, ағаш, топырақ, көмір т.б. заттарды жинау;

баған шұңқырын, гүл жиегін, газондарды ластау;

газондар мен жүру, ағаштар мен көшеттерді қирату, кесу, басқа да механикалық зақымдар келтіру;

ағаштар мен жасыл көшеттерді рұқсатсыз шабу;

клубадағы гүлдерді жою көп жылдық гүлдердің, бұталардың түбін тамырымен жұлу;

костер жағу;

жалпы пайдаланылатын жерлерде, мектеп жанындағы учаскелерде, стадионда, бақтар мен саябақтарда, көшеде, құс, мал бағу.

11.2. Құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізетін жеке және заңды тұлғалар құрылыс астында қалатын жасыл желектер мен газондарды жоюға мәжбүр болған жағдайда қалпына келтіру құнын сметада есептеп көрсетулері к е р е к .

11.2.1. Мамандандырылған кәсіпорынға қалпына келтіру құны төленгеннен кейін, көріктендіру басқармасының келісімі бойынша соңынан жасыл желекті отырғызу үшін жасыл желекті көшіру жұмыстары жүргізіледі.

11.3. Сату-сатып алу келісім шартын жасау, немесе жерді жалға беру кезінде шартта жеке пунктпен, немесе қосымша ретінде сол жерде бар жасыл желектің түрі, жасы, газондардың, бұталардың мөлшері көрсетілуі тиіс.

11.3.1. Шартта сатып алушының (жалға алушының) жасыл желекті сақтауға жауапкершілігі белгіленеді. Жасыл желектің бөлігін шабу қажеттігі жағдайында көріктендіру басқармасының келісімімен сатып алушы (жалға алушы) өз есебінен шабылған ағашты басқа жерге, жоғарыдағы пунктке сәйкес, елді мекеннің кез келген жеріне 1:3 қатысымен (1 ағаштың орнына 3 ағаш 1 м² көшеттің орнына 3 м²) отырғызады.

11.4. Жұмысты атқарудағы заңды және жеке тұлғалардың міндеті:

жасыл желекті зақымдаудан қоршау;

жолдарға, тротуарларға, өткелдерге, алаңдарға т. б. асфальт салғанда бағанның түбінен диаметрі 1 м, қажет болса газонның шөбін жұлып, темір тор құруға ж е р қ а л д ы р у ;

жолдар, тротуарлар т. б. құрған кезде жасыл көшеттер орналасқан аймақтарда тік белгілерді 5 сантиметрден артық өзгертуге болмайды, жоғарғы бетін көтеріп,

немесе төмендеткенде жасыл желектің дұрыс өсу жағдайын сақтауды ескеру керек ;

салынып жатқан объектілерге жол тартқанда көшеттердің орындарын ескеріп, жасыл желектің қоршауын сақтау керек.

11.5. Жасыл желектің жағдайы жоспарлы (көктем мен күзде) және кезектен тыс (қатты қар, жауын жауғанда, жел қаққанда) қарап, бақыланады. Тексеріс кезінде жөндеу, қорғау, отырғызу, тазалау жұмыстарының көлемі анықталатын барлық көркейту элементтері зерттеледі.

11.6. Жасыл желектерді күту, бағу, оларды отырғызу, осы аймақ бекітілген жерді пайдаланушыларға, жеке және заңды тұлғаларға:

тұрғын үй мөлтек аудандарда, тұрғын үй аулаларында - КСК, тұрғын үй иелеріне ;

- жалпы пайдаланатын объектілерде (парк, сквер т. б.) СҚ-мен келісім шарт бойынша мамандандырылған кәсіпорындарға;

- кәсіпорындар, завод, фабрикалар және басқа объектілердің бекітілген аумақтарында - мекемелер немесе объектілер иелеріне жүктеледі.

11.7. Жасыл қорды сақтау және жасыл желекті күтіп ұстау тәртіппен қамтамасыз ету тиісті өкілетті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

12. Елді мекеннің жасыл сәулеті

12.1. Барлық елді мекендер үшін жолдарды көгалдандыру мен қайта құру жұмыстарын, оның ішінде қалалар мен селолардың, поселкелерінің айналасында жасыл шеңберлер құру міндетті.

12.2. Ағаштар мен бұталардың тұқымдарының ассортиментін таңдау өсімдіктің шаңнан, желден қорғау, газға тұрақтылық, фитонцидтік қасиеттеріне байланысты болады. Ағаштар мен бұталарды объектілерде орналастырғанда олардың негізгі биоритмикалық көрсеткіштерін - биіктігін, кеңдігін, бұтақтарының қалыңдығын ескеру қажет.

12.2.1. Мектепке дейінгі балалар мекемелерін көгалдандыру кезінде ағаштар мен бұталардың ассортиментінде тікенек және фитонцидті түрлері болмауы керек .

12.2.2. Үй жанындағы жерлерге өріліп, өрмелеп өсетін өсімдіктер отырғызуды ескеру керек .

12.2.3. Спорт алаңдарын айнала көгалдандыруда шапшаң өсетін ірі, тығыз жапырақты ағаштар топ-тобымен немесе қатар-қатар егіледі.

12.2.4. Ғимараттарды, демалыс алаңдарын, телефон подстанцияларын көркемдегенде тік, өрмелеп өсетін ағаш түрлері қолданылады.

12.2.5. Көгалдандыру кезінде қыс мезгілінде объектінің сәнін келтіретін қылқанды ағаш түрлерін ескеру керек.

12.2.6. Жалғыз ағашты жақсы көрінетін ашық жерге отырғызады. Бұталарды гүлденуіне байланысты топтайды. Тура жолдар мен көлік жүретін жол бойында ағаштар қатарлай немесе аллеямен отырғызылады.

12.3. Ағаш отырғызарда ең алдымен ағаштар мен бұталардың өсуі мен дамуы үшін қабатын өңдеу жырту жер жұмысы жүргізіледі. Міндетті түрде көктемгі және күзгі топырақ жыртылады.

12.4. Отырғызылатын шұңқырлар 7-10 күн бұрын қазылады қысқы және көктемгі отырғызу үшін, оны күзде қазып, жапырақтармен тығыздап толтырып тастайды.

12.4.1. Шұңқырдан алынған жер толық жарамсыз болса, оның орнына құнарлы топырақ салынады.

12.4.2. Отырғызылатын шұңқырдың мөлшері ағаштың көлемі мен жасына байланысты болады.

12.5. Ағаштар мен бұталар күзде де, көктемде де отырғызылады. Жазғы егу ерекше жағдайларда ғана болады.

12.5.1. Сыну немесе механикалық зақым қаупі бар жерлерге ағаш отырғызса, оларды қоршайды немесе бағанның дөңгелектеріне 1-1,5 метрлік диаметрлі металл немесе ағаш торлар салынады.

12.5.2. Кейбір жағдайларда өсіп кеткен сирек немесе әлсіз тамыр жүйелі көшеттер қолданылса, отырғызғаннан кейін бірден түбірінен кесіп тастайды.

12.6. Газонның топырағы құнарлы, дұрыс біркелкі араласқан, түйіршіксіз болуы керек.

12.6.1. Газонды күту жұмысына оны суару, шөбін шабу, адам шөбін тазалап, үстінен қоректендіру, қысқы аяздан қорғап, қоқысын жинау жатады.

13. Елді мекен аумағында үй жануарларын ұстау

13.1. Үй жануарлары иелерінің міндеттері:

- есептеу және инфекцияға қарсы алдын ала шаралар жасау үшін мал дәрігерлік станцияларда жануарларды тіркеу.

- "Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығына сәйкес зерттеу және алдын ала егу үшін мал дәрігерлік станцияға ж е т к і з у .

13.2. Мал мен құс су жағасынан, демалыс орындарынан, сауда, қоғамдық тамақтану кәсіпорындарынан, аурухана, мектеп т.б. қоғамдық ғимараттардан 100 метр және тұрғын үйлерден 15 м. қашықтықта ұсталуы керек. Аулаларда

санитарлық-техникалық талаптарға сәйкес тезек сақтайтын орын болуы керек.

13.3. Мынаған рұқсат етіледі;

- санитарлық-эпидемиологиялық, мал дәрігерлік қызметтердің рұқсатымен жануарларды зообұрыштарда, балалар мен жасөспірімдердің мекемелерінде, сауықтандыру және санитарлық-курорттық мекемелерде ұстауға;

- байлаулы күйінде немесе қоршалған, жекелендірілген аумақта жануарларды
б о с ж і б е р у г е ;

- мекемелер мен ұйымдарда күзетші иттерді тек байлаулы күйінде ұстауға;

- адамдардың қауіпсіздігін міндетті түрде сақтай отырып, оқу үйрету алаңдары мен мал басында иттерді томағасыз, шынжырсыз ұстауға;

жалпы пайдаланылатын жерлерде иттерді қысқа жіппен (ұзындығы 1 метрге дейін),
т о м а ғ а м е н ұ с т а у ғ а ;

- иттерді жіппен, томағамен бос жерлерге, ауланың сыртына, арнайы бөлінген жерлерге
с е р у е н г е ш ы ғ а р у ғ а ;

- адамдардың қауіпсіздігін міндетті түрде қамтамасыз ете отырып,

иттер мен мысықтарды қоғамдық көлікпен, оның ережесін сақтай отыра, алып жүруге;

- иесінің немесе жауапты адамның қатысуымен малды жайлаудан тұрақты жеріне айдауға.

13.4. Мыналарға тыйым салынады:

- сауда, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерге жануарларды әкелуге, сонда ұстауға;

- жалпы пайдаланылатын жерлер мен жағажайды, стадионды, бақтар мен саябақтарды иттерді серуендетуге пайдалануға;

- ірі тұқымды иттерді 14 жастан кіші балалардың серуендетуіне;

- елді мекендердің санитарлық аймақтарында, басқа да жалпы пайдаланылатын жерлерде мал бағуға;

13.5. Елді мекен аумағында иесіз жүрген жануарлар қаңғырған деп есептеліп, арнайы қызметтердің ұстап алуына болады.

14. Осы ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

14.1. Осы Ережелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы әкімшілік заңдылығында ескерілген жазалау шаралары қолданылады.

М а м а н : А . Т а т а р к о в

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК